

Бекітілді:
 №4 «Гүлдер» бөбекжай-
 балабақшасы МККК менеджерісі м.а.
 И.Н. Бекенова



2025 - 2026 оқу жылындағы
 №4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасының
 «Терроризмге қарсы қауіпсіздік мәселелерді»
 іске асыру жөніндегі жұмысының жоспары

№	Ай атауы	Іс-шара тақырыбы	Уақыты	Жауаптылар
1	Қауіпсіз балабақша	1. «Балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі» таным сағат	Қыркүйек Қазан	Барлық топ тәрбиешілері
2	Әлем біздің айналамызда	1. «Әлем біздің айналамызда» баяндама	Қараша Желтоқсан	Әдіскер: Турлугулова Н.Р.
3	Табиғат әлемі	1.«Табиғат әлемі балабақшада» топ тәрбиеленушілерімен түсіндірме жұмысы	Қаңтар	Қазақ тілі маманы
4	Қауіпсіз мінез-құлық	«Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» ұйымдастырылған іс - әрекеттері	Ақпан	Мад топтары
5	Техника және біз	1.«Техника» түрлерімен және оның ролімен таныстыру Баяндама, түсіндірме жұмысы	Наурыз	Шаруашылық менгерушісі
6	Мен және қоршаған орта	1.«Қоршаған орта» топ тәрбиеленушілерімен сурет байқауы	Сәуір	Топ тәрбиеленушілері
7	Мен және ересектер әлемі	1. «Мен және ересектер»қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмысы	мамыр	Педагог-психолог Сарсембаева Г.З.

«ХРОМТАУ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
№4 «ГҮЛДЕР» МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӨСПОРЫНЫ

031100 Хромтау қаласы
Абай даңғылы 14
8(71336) 23224



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ КАТЕЖНОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ «ДОШКОЛЬНАЯ
ОРГАНИЗАЦИЯ №4 «ГҮЛДЕР»
ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ
«ХРОМТАУСКИЙ РАЙОННЫЙ
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ»

031100 г. Хромтау, пр. Абай 14
8(71336) 23224

БҰЙРЫҚ № 33 - н/б

«05» «қантар» 2025 ж

Мектепке дейінгі ұйымда терроризмге қарсы әрекетті қамтамасыз ету және қауіпсіздікті сақтау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №305 «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» қаулысына және лаңкестікке осал объектілерді терроризмге қарсы қорғау қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепке дейінгі ұйымды терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі жұмыс комиссиясының құрамы бекітілсін (*Қосымша 1*).

2. Балаларды таңғы қабылдау (7.30-ден 8.00-ға дейін) және оларды үйге жіберу (17.00-ден 17.30-ға дейін) мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінің кезекшілігін ұйымдастырсын.

3. Шаруашылық бөлімінің меңгерушісі (завхоз) Калдыбекова А.А., техникалық қызметкерлермен лаңкестік әрекет немесе басқа да заңға қайшы әрекеттер қауіп төнген кезде олардың іс-әрекеті туралы нұсқаулық өткізсін;

- рұқсат етілмеген тұлғаларды МДҰ кіргізуге шектеу шараларын қабылдау;
- басшы бекіткен кесте бойынша күн сайын сағат 19.00-ден 07.00-ге дейін және демалыс күндері күзетшілердің кезекшілігін ұйымдастырсын;
- қойма мен техникалық жайларды күнделікті тексеру;
- МДҰ аумағына күнделікті тексеру жүргізу;
- МДҰ аумағына рұқсат етілмеген көліктердің кіруіне тыйым салынсын;
- тұрмыстық қалдықтардың уақытылы шығарылуын бақылауды ұйымдастыру;
- апаттық шығулар мен электр қауіпті орындарда эвакуациялау жоспарлары мен сигналдық белгілердің қауіпсіздігін және уақытылы өзгерістер енгізуді бақылау.

4. Күзетшілер:

- күн сайын арнайы журналға кезекшілікті тапсыру фактісін және бөгде заттарды анықтау үшін ғимараттар мен аумақты тексеру нәтижелерін жазып отыру (кезекшілікте кемінде 4 рет);
- кезекшілік уақытында мектепке дейінгі ұйымға қатысы жоқ азаматтардың ғимаратта және аумақта бақылаусыз болуына жол бермеу.

5. Техникалық қызметкерлерінің міндеттеріне мыналар жатады:

- бөлмеге бейтаныс адамдарды жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен кейін ғана кіргізуге, мектепке дейінгі ұйымға қатысы жоқ адамдардың ғимаратында бақылаусыз болуына жол бермеуге;
- МДҰ-ға келген адамдарды хатшы Калимуханбетова А.К. журналға тіркеу;

-топтар бойынша балалардың тізіміне сәйкес ата-аналарды кіргізуді қамтамасыз етсін;

- барлық кіретін есіктерді уақытылы жабуды ұйымдастырсын.

6. Мектепке дейінгі ұйымның медбикесі:

-балалар тізімдерінің жүйелі түрде жанартылуын қамтамасыз ету;

-әртүрлі стандартты емес төтенше жағдайларда, терроризмге қарсы қорғаныс, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі және т.б. мәселелерде қауіпсіздік ережелерінің сақталуын және балалардың өмірін сақтауды қадағаласын.

7. Мектепке дейінгі ұйымның сыпырушылары:

-аумақта бөтен көліктердің, құрылыс, коқыс контейнерлерінің және жарылғыш құрылғыларды төсеу үшін пайдаланылуы мүмкін басқа да заттардың болуына күнделікті тексеру жүргізісін.

8. Мектепке дейінгі ұйымның әдіскері:

- педагогикалық ұжымға лаңкестік әрекет немесе басқа да заңсыз әрекеттер қауіп төнген жағдайда олардың әрекеттері туралы семинар ұйымдастырылсын;

- оқу-тәрбие процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарымен уақытылы нұсқаулық өткізілсін;

-балалармен және ата-аналармен қауіпсіздік және төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау мәселелері бойынша әңгімелесу жүргізісін;

- кемінде жарты жылда бір рет жеке құрам мен балаларды эвакуациялау бойынша оқытуды ұйымдастырсын.

9.Мектепке дейінгі ұйымының педагогтарына:

-әртүрлі стандартты емес төтенше жағдайларда, лаңкестікке қарсы қорғаныс, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша, сондай-ақ төтенше жағдай немесе жазатайым оқиға кезінде балалармен және ата-аналармен олардың әрекеттері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

10. Әдеттен тыс жағдай туындаған кезде оқиға туралы дереу «102» телефоны арқылы полицияның кезекші бөліміне, «112» - объектінің атауын, оның мекенжайын көрсете отырып, құтқару қызметіне хабарлансын.

11. Мектепке дейінгі ұйымды терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру бойынша құжаттаманы жүргізуге және жауапты болып МДҰ әдіскері Турлугулова Н.Р. тағайындалсын, жұмыс жоспарын және комиссия жөніндегі ережені дайындасын.

12. Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі:

-ұжымның терроризмге қарсы қауіпсіздігін және педагогикалық ұжымның қызметкерлері арасында міндеттерді бөлу жүйесінің алгоритмін әзірлеу;

- өрт және күзет дабылдарын ұстауға, қатты қалдықтарды шығаруға, электр қондырғыларының кедергісін өлшеуге, шатыр кеңістігін өртке қарсы құраммен өңдеуге шарттар жасасуға;

-мереке күндері жұмысты ұйымдастыруды және терроризмге қарсы қорғанысты ұйымдастыру бұйрықпен бекітілсін.

13. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**МКҚК №4 «Гүлдер»
бөбекжай-балабақшасы
меңгерушісінің м.а :**



Бекенова И.Н.

Таныстым: Калдыбекова А.А.
Турлугулова Н.Р.
Калимуханбетова А.К.

Анықтама

Тақырыбы: Балабақшадағы терроризмге қарсы қауіпсіздік бойынша таным сағатының өткізілуі туралы

Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру мақсатында терроризмге қарсы қауіпсіздік тақырыбында таным сағаты өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – тәрбиеленушілерге күмәнді жағдайларда өзін дұрыс ұстау ережелерін үйрету, бейтаныс заттар мен адамдардан сақтану жолдарын түсіндіру және төтенше жағдай кезінде тәрбиешінің нұсқауын орындауға дағдыландыру.

Таным сағаты барысында балаларға:

- иесіз жатқан заттарға тимеу және бірден ересектерге хабарлау;
- бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, олардан ештеңе алмау;
- дабыл белгісі берілген жағдайда сабыр сақтап, топпен бірге әрекет ету ережелері түсіндірілді.

Іс-шара әңгімелесу, жағдаяттық ойындар, сұрақ-жауап және көрнекі материалдарды пайдалану арқылы ұйымдастырылды. Балалардың жас ерекшелігі ескеріліп, ақпарат түсінікті әрі қорқыныш туғызбайтын түрде жеткізілді.

Қорытындысында тәрбиеленушілер қауіпсіздік ережелері туралы бастапқы түсінік қалыптастырып, төтенше жағдайларда ересектердің көмегіне жүгіну қажеттігін ұғынды.

Әдіскер:



Турпугулова Н.Р.

Күні: __08.09.2025 жыл_____

БАЯНДАМА

Тақырыбы: «Әлем біздің айналамызда: мектепке дейінгі ұйымдарда терроризмге қарсы қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру»

Құрметті әріптестер! «Әлем біздің айналамызда» тақырыбы аясында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – басты міндеттердің бірі. Қазіргі қоғам жағдайында балаларға қоршаған орта туралы білім берумен қатар, олардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру аса маңызды. Соның ішінде терроризмге қарсы қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударылуы тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымдарда терроризмге қарсы қауіпсіздік жұмыстары жүйелі түрде жоспарланып, тәрбиелеу-білім беру үдерісімен кіріктіріле жүзеге асырылады. Негізгі мақсат – балаларды қорқытпай, олардың жас ерекшеліктеріне сай қауіпсіздік ережелерін түсіндіру және төтенше жағдайларда дұрыс әрекет етуге үйрету.

Бұл бағыттағы жұмыстар келесі міндеттерді қамтиды:

- тәрбиеленушілерге бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін үйрету;
- иесіз немесе күмәнді заттарды байқаса, міндетті түрде ересектерге хабарлау дағдысын қалыптастыру;
- дабыл белгісі кезінде сабыр сақтап, тәрбиеші нұсқауын орындауға машықтандыру;
- эвакуациялық жаттығулар арқылы практикалық әрекеттерді бекіту.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, терроризмге қарсы танымдық жұмыстар ойын технологиялары, жағдаяттық тапсырмалар, сұрақ-жауап, түсіндіру әңгімелері арқылы жүзеге асырылады. Балалардың психологиялық жай-күйін ескеру – басты қағида. Ақпарат қолжетімді, түсінікті, үрей тудырмайтын сипатта берілуі қажет.

Сонымен қатар, ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қауіпсіздік талаптарын бірлесе сақтау маңыздылығы айтылады. Ұйым аумағында кіріп-шығу тәртібі қатаң бақылауда болып, қызметкерлерге нұсқаулықтар тұрақты түрде өткізіледі.

Қорытындылай келе, «Әлем біздің айналамызда» ұғымы тек табиғат пен қоғамды тану ғана емес, сонымен бірге қауіпсіз әрі бейбіт өмір сүру мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Терроризмге қарсы қауіпсіздік бойынша жүргізілетін жүйелі жұмыс – балалардың өмірін қорғаудың және олардың болашаққа сеніммен қарауының кепілі.

Әдіскер:  Турлугулова Н.Р.

Күні: 20. 11. 2025 жыл

Анықтама

Тақырыбы: «Табиғат әлемі» бойынша топ тәрбиеленушілеріне жүргізілген түсіндірме жұмыстары туралы

Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес «Табиғат әлемі» тақырыбында топ тәрбиеленушілеріне қазақ тілі маманы тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараның мақсаты – балалардың табиғат туралы түсініктерін кеңейту, қоршаған орта деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік тілде сөздік қорын молайту және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.

Түсіндірме жұмыстары барысында балаларға табиғат құбылыстары (күн, жаңбыр, кәжел), жыл мезгілдерінің ерекшеліктері, өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы қарапайым әрі түсінікті ақпарат берілді. Сонымен қатар табиғатты қорғау, ағаштар: сындырмау, гүлдерді жұлмау, құстар мен жануарларға қамқорлық жасау қажетті түсіндірілді.

Сабақ барысында келесі әдіс-тәсілдер қолданылды:

- көрнекі суреттер арқылы әңгімелесу;
- сұрақ-жауап әдісі;
- тақпақтар мен жұмбақтар шешу;
- сөздік жұмысын жүргізу;
- дидактикалық ойындар ұйымдастыру.

Жұмыс нәтижесінде тәрбиеленушілер табиғат туралы жаңа сөздерді меңгеріп, өз ойлар қарапайым сөйлемдер арқылы жеткізе алды. Табиғатқа ұқыпты қарау туралы бастап экологиялық түсінік қалыптасты.

Қорытындылай келе, «Табиғат әлемі» тақырыбындағы түсіндірме жұмыстары балалар: тілдік, танымдық және тәрбиелік дамуына оң әсерін тигізді.

Қазақ тілі маманы:  Сатқамбаева М.

Күні: 12.01.2026

Анықтама

Мектепалды даярлық «Балапан» №5 тобында «Қауіпсіз мінез-құлық» тақырыбында ұйымдастырылған іс-әрекет өткізілді. Іс-әрекетті топ тәрбиешісі Гульбахит Амангосовна жүргізді.

Іс-шараның мақсаты – тәрбиеленушілерге күнделікті өмірдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, қауіпті жағдайларда өзін дұрыс ұстау дағдыларын қалыптастыру және өз өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балаларға үйде, балабақшада және көшеде сақталуы тиіс қауіпсіздік ережелері таныстырылды. Атап айтқанда:

- үшкір, өткір заттарды қолдану кезіндегі сақтық;
- электр құралдарына жақындамау;
- бейтаныс адамдармен сөйлеспеу;
- жолда жүру ережелерін сақтау;
- төтенше жағдай кезінде ересектердің көмегіне жүгіну қажеттігі түсіндірілді.

Сабақта әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрнекілік әдістері, жағдаяттық тапсырмалар және рөлдік ойындар тиімді қолданылды. Тәрбиеленушілер белсенді қатысып, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындады.

Қорытындысында балалар қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы білімдерін толықтырып, қауіпті жағдайларда дұрыс шешім қабылдаудың маңызын түсінді. Ұйымдастырылған іс-әрекет әдістемелік талаптарға сай, мазмұнды және жүйелі түрде өткізілді.

Әдіскер:



Турлутулова Н.Р.

Күні: 04.02.2026 жыл